

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 661 Қаулысы

Ескерту. Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2009.12.14 N 2096 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж, N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж, N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж, N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 78-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж, N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж, N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж, N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж, N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж, N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж, N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж, N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж, N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж, N 2, 18-құжат; N 3, 20, 21-құжаттар; N 4, 28-құжат; N 20, 153-құжат) :

49-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

"ұйымын" деген сөзден кейін "әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны" деген сөздермен толықтырылсын;

"және мақта саласын дамыту" деген сөздер "мақта саласын дамыту және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж, N 13, 99-құжат; 2005 ж, N 9, 26-құжат; 2006 ж, N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжаттар; N 16, 97-құжат; 2007 ж, N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 14, 105-құжат; N 15, 106, 109-құжаттар; N 16, 129-құжат; N 17, 139-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат, N 24, 180-құжат):

1) 43-бап мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға жер учаскелеріне құқықтар беру осы Кодексте және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы заңнамалық актісінде көзделген тәртіппен және жағдайда жүзеге асырылады".

2) 4 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер учаскелері немесе жер учаскелерін жалға алу құқығы мыналарға:

1) инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер пайдаланушыларына;

3) халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттерге және халықаралық ұйымдарға;

4) жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін оралмандарға;

5) мемлекеттік және (немесе) уәкілетті органдар жүргізетін объектілер салу жөнінде конкурстарды (тендерлерді) жеңіп алған адамдарға және мұндай құрылыс тікелей көрсетілген адамдарға жер учаскесін беруді қажет етсе;

6) оларға меншік құқығында және (немесе) өзге де заттық құқықтарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасына сәйкес аумақта іргелес ғимараттарды (құрылымдарды, құрылыстарды) кеңейту және қайта жаңарту үшін тиесілі ғимараттарды (құрылымдарды, құрылыстарды) пайдалану және ұстау үшін жеке және заңды т ұ л ғ а л а р ғ а ;

7) кондоминиум объектісін пайдалану және ұстау үшін кондоминиум қ а т ы с у ш ы л а р ы н а ;

8) халықтың жеке қора шаруашылығын ұстау бойынша мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында, сондай-ақ бау-бақша мақсатында жайлау және шабындықты алқаптарда пайдалану үшін;

9) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жасалған Келісім-шарт негізінде жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін;

10) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес жасалған Келісім-шарт негізінде мемлекеттік заттай гранттар ретінде;

11) арнайы экономикалық, индустриялық жерінің құрамынан;

12) темір жол, автомобиль, теңіз және ішкі су, әуе, құбыр жол көлігінің, байланыс және энергетика мұқтаждықтары үшін, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар өзге де объектілерді салу үшін;

13) халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған жалпы пайдалану объектілеріне (су құбыры, жылу құбыры, тазарту құрылыстары және басқа да инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелер), сондай-ақ осы Кодекстің 107-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес арнайы мақсаттағы объектілерге;

14) осы Кодекстің 121-бабына сәйкес жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аймақтарды белгілеу үшін;

15) осы Кодекстің 9-бабының 3-тармағына сәйкес жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай салу үшін;

16) мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар мен мемлекеттік мүдделерді және қоғамдық маңызды мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларда көзделген объектілерді салу үшін;

17) осы Кодекстің 9-бабының 3-тармағына сәйкес халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға және отандық өнеркәсіп кәсіпорындарына берілетін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға ұсынылмаған жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға беру құқығын беру сауда-саттықтарда (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асырылады.";

екінші бөліктегі "ауыл шаруашылығы мақсатындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

1-1-тармақтың бірінші бөлігі алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші абзацындағы "белгілі бір жерде" және "айқындалғаннан және" деген сөздер алынып тасталсын;

2-бап. Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті